

**"1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының шекарасын аса қауіпті жұқпалы аурулардан санитарлық қорғау" мақсаттағы кешенді бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 ақпандағы N 93

Қазақстан Республикасының аумағын адамдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының шекарасын аса қауіпті жұқпалы аурулардан санитарлық қорғау" мақсатты кешенді бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп салааралық үйлестіру және облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдерімен өзара іс-қимылдың негізінде, республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсатқа көзделген қаражаттың шегінде осы Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдері: тиісті аумақтарды адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің аса жұқпалы ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау жөнінде аймақтық бағдарламалар әзірлесін және бекітсін және оларды жергілікті бюджеттерде осы мақсатқа көзделген қаражаттың шегінде қаржыландыруды жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында үйлер немесе үй-жайлар бөлуді, сондай-ақ санитарлық-карантиндік пункттердің мамандарын жайластыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік және фитосанитарлық бақылауды жүзеге асырушы мамандарды тазартылған аймақтан тысқары жерлерде тұрмыстық жайластыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1132 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы қадағалау мен бақылаудың жай-күйі республикалық және облыстық төтенше эпидемияға қарсы комиссиялардың отырыстарында мерзімді қаралсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 11 ақпандағы  
N 93 Қаулысымен  
бекітілген

## МАҚСАТТЫ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА

"1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының шекарасын аса қауіпті жұқпалы аурулардан санитарлық қорғау"

### 1. НЕГІЗДЕМЕСІ

Республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік және фитосанитарлық жағдайға қолайсыз әсер ететін факторлардың бірі адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкеліну және таратылу қауіпі болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша дүние жүзінде 1990 жылдан бастап аса қауіпті жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық ошақтары күрт жанданған. 1996 жылы 58 мемлекетте 130 мыңнан астам тырысқақ ауруымен ауырған адам тіркелген. Жыл сайын обаның 200-ге жуық жағдайлары және 100 мыңнан астам сары безгек тіркеледі, басқа жұқпалы аурулар бойынша да жағдай ұшығуда.

Елге оларды жою үшін айтарлықтай қаржы және материалдық шығындарды қажет ететін адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің жұқпалы ауруларын әкелу жағдайларының санының артқандығы белгіленуде.

Халықтың денсаулығы үшін нақты және әлеуетті қауіп тудыратын және санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік және фитосанитарлық жағдайға кері әсер етуі мүмкін болатын тағам мен тамақ шикізаттарының, халық тұтынатын тауарлардың әкелінуінің күрт артқан тасқынына байланысты жағдай айтарлықтай

к ү р д е л е н д і .

Республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде халықаралық байланыстардың дамуы, халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдары деңгейінің өсуі әуежайлар мен теңіз порттарында, темір жолдарда және автомобиль жолдарында лайықты түрде жабдықталмаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің санын көбейтуге мәжбүр етті.

Мемлекеттік шекарадағы жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылған өткізу пункттері материалдық-техникалық және аспаптық жарақталуы бойынша қазіргі заманғы өскелең талаптарға жауап бермейді, білікті қызметкерлермен жеткілікті жасақталмаған және әдетте санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік және фитосанитарлық бақылау мәселелерін лайықты мөлшерде шешпейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында өзінің күш-жігерін Қазақстан Республикасының кеден органдарымен және Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерімен үйлестіретін және айрықша қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуі және таралуы мүмкіндігін жоққа шығаруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалық құралдармен жарақтандырылған санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемелерінің жүйесін құру, сондай-ақ қазіргі заманғы лабораториялық жабдықтар мен технологияларды пайдалану арқылы қажетті зерттеулерді жүзеге асыру жүктелетін аймақтық лабораториялық бақылау орталықтарын ұйымдастыру ұйғарылуда.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс көздердің: тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, еңбек, жұмыс, медициналық қызмет көрсету және т.б. жағдайын сараптаудың есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының аумағында адамдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелінуінің және таратылуының алдын алудың нәтижесінде бар және күтілетін тікелей және жанама шығындарды қысқартуды, халықтың денсаулығын сақтауды, санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

## 2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының аумақтарын халықтың денсаулығына айтарлықтай залал келтіруі, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық жағдайды нашарлатуы мүмкін адамдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелінуінен және таратылуынан қорғауды қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер ұйымдарының жүйелерін жетілдіру;

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерді ғылыми және кадрлық жағынан қамтамасыз ету;  
шетелдерден келетін өнімдерге бақылау жасаудың ведомствоаралық автоматтандырылған ақпараттық жүйесін ("Санқорғау" ААЖ) құру;  
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерді аспаптық және материалдық-техникалық дамыту;  
халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру көзделеді.

### 3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстан Республикасының шекарасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің ұйымдастырушылық құрылысын, басқаруды және олардың өзара іс-қимылын жетілдірудің негізгі бағыттары:

Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау мәселелері жөніндегі, сондай-ақ тиісті мемлекеттік бақылау қызметтері мен Қазақстан Республикасының аумақтарын адамдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелінуінен және таратылуынан қорғау жөніндегі басқа да мүдделі ұйымдардың қызметтерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткізу орындарында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ететін мекемелердің жүйесін құру және дамыту;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі мекемелерді орналастырудың және жарактандырудың қолданылып жүрген нормалары мен ережелерін қайта қарау және жаңаларын әзірлеу;  
шетелдерден келетіндердің қауіпсіздігін кепілдендіретін және санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін нормалар мен ережелерді әзірлеу болып табылады.

Бағдарламада республикалық деңгейде:

Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау жөніндегі нормативтік және құқықтық актілерді әзірлеу;

импорттық азық-түлік, жануарлар және өсімдік өнімдерін әкелудің тәртібі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу орындарындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мекемелерін аспаптармен және жабдықтармен жарактандырудың табелі туралы ереже әзірлеу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігі осы тараудың атқарушылары болып табылады.

#### 4. МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық-эпидемиологиялық қорғауды ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету мақсатында:

шетелден келетін тамақ өнімдеріндегі адамдардың аса қауіпті жұқпалы аурулары мен басқа да мүмкін болатын қауіпті заттардың диагностикасы мен индикациясының әдістерін, оның ішінде жедел әдістерін әзірлеу және жетілдіру;

эпидемия ошақтарын залалсыздандыру құралдары мен әдістерін жетілдіру және әзірлеу;

Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық-эпидемиологиялық қорғауды тікелей қамтамасыз ететін мекемелерінің қызметкерлері еңбегінің нормативтік шығындары мен қажетті қорлық жарақтануын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мекемелерінің тиісті мамандары мен қызметкерлерін даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;

жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу және басқа да мекемелерде шет елден келетіндерге мемлекеттік бақылау ұйымдастыру мәселелері бойынша мамандар даярлау және қайта даярлау көзделеді.

Бағдарламада республикалық деңгейде: адамдардың аса қауіпті жұқпалы аурулары диагностикасының және

индикациясының әдістерін, оның ішінде жедел әдістерін әзірлеу мен жетілдіру;

адамдардың аса қауіпті ауруларының жедел алдын алудың және емдеудің әдістерін жетілдіру;

эпидемиялардың ошақтарын залалсыздандырудың құралдары мен әдістерін жетілдіру және әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерінің 25 санитарлық-карантиндік пункттерінде кадрларды даярлау және ұстау көзделеді.

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдері осы тараудың атқарушылары болып табылады.

#### 5. ШЕТ ЕЛДЕН КЕЛЕТІНДЕРГЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУДЫҢ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

## АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ("САНҚОРҒАУ" ААЖ) ҚҰРУ

Келген адамдарға, әкелінген жануарларға, тұқымдарға және тамақ өнімдерінің егілетін материалдарына және тағам шикізатына, басқа да әлеуетті қауіпті халық тұтынатын тауарларға бақылау жасаудың ведомствоаралық ақпараттық негізін қамтамасыз ететін шаралардың кешенін іске асыру мынадай:

Қазақстан Республикасының аумақтарын адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылау қызметтері мекемелерін ведомствоаралық ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құрудың тұжырымдамасын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы мемлекеттік бақылау қызметтерін ведомствоаралық ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін ("Санқорғау" ААЖ) әзірлеу, енгізу және пайдалану;

аурулар бойынша қолайсыз елдерден келген азаматтардың шет елден әкелген тамақ өнімдеріне, әлеуетті қауіпті жүктеріне және тауарларына бақылау жасауды бағдарламалық қамтамасыз етудің пакетін, сондай-ақ ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің республикалық деректер банкіні әзірлеу бағыттары бойынша жүзеге асыру б е л г і л е н у д е .

Бағдарламада республикалық деңгейде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі мемлекеттік бақылау қызметтерінің мекемелерін компьютерлік техникамен ж а р а қ т а н д ы р у ;

модемдік байланысты әзірлеу, енгізу және пайдалану;

бағдарламалық қамтамасыз ету пакеті мен әкелінетін тауарларға, жүктерге және келетін азаматтарға бақылау жасау жөніндегі деректердің республикалық банкіні ә з і р л е у к ө з д е л е д і .

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қорғаныс министрлігі осы тараудың атқарушылары болып табылады.

## 6. МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АСПАПТЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ Д А М Ы Т У

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерді жабдықтармен, аспаптармен жарақтандыруды және оның материалдық-техникалық базасын дамытуды м ы н а д а й :

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мекемелерінің үйлері мен құрылыстарының жұмыс істеп тұрғандарын қайта қарау және жаңа бірегейлендірілген және үлгілік ж о б а л а р ы н ә з і р л е у ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің мекемелерін аспаптармен және техникалық құралдармен жарақтандырудың табелін әзірлеу;

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мекемелерінің жедел және лабораториялық бөлімшелерін жарақтандыру және техникалық қайта жарақтандыру;

халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіруі және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды нашарлатуы мүмкін болатын шет елден келетіндерге бақылау жасайтын Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің аймақтық лабораториялық орталықтарын құру және қазіргі заманғы жабдықтармен және аспаптармен жарақтандырудың есебінен оларды дамыту бағыттары бойынша жүргізу көзделуде.

Бағдарламада республикалық деңгейде:

автомобиль және темір жол өткелдеріндегі 11 санитарлық-карантиндік пункттер үшін үй-жайлар немесе үйлер бөлу;

25-санитарлық-карантиндік пункттерді, 1 мамандандырылған эпидемияға қарсы бригаданы материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

халықаралық әуежайлар мен теңіз порттарындағы 14 лабораторияны, автомобиль және темір жол өткелдеріндегі 11 лабораторияны, 1 мамандандырылған эпидемияға қарсы бригаданы жарақтандыру көзделеді.

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдері осы тараудың атқарушылары болып табылады.

## 7. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Іргелес және басқа да шетелдік мемлекеттердің осындай органдарымен және ұйымдарымен мынадай:

аумақтарды санитарлық-эпидемиологиялық, малдәрігерлік және фитосанитарлық қорғау проблемасына қатысты мәселелер бойынша келісімдер жасасу және халықаралық шарттарды іске асыруға қатысу;

халықаралық ұйымдардың дүниежүзілік қауымдастық елдерінің санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік және фитосанитарлық қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі жұмысына қатысу;

мемлекеттік бақылау қызметтерінің қызметінде аталған проблемалар саласындағы халықаралық заңдардың практикаларын зерделеу, қорыту және пайдалану бағыттары

бойынша аумақтарды қорғау және адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің аса қауіпті жұқпалы ауруларының әкелуінің және таралуының, сондай-ақ шет елден басқа да келулердің зардаптарын жою мәселелері бойынша халықаралық байланыстарды дамыту көзделеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қорғаныс министрлігі осы тараудың атқарушылары болып табылады.

## 8. БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті Бағдарламаны негізгі атқарушылар болып табылады.

Бағдарламаның негізгі бағыттары мен ережелері халықаралық байланыстардың даму болжамдарына, Қазақстан Республикасының аумақтары мен шетелдік мемлекеттердің аумақтарындағы санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік және фитосанитарлық жағдайларға сүйеніп жыл сайын дәлденеді және нақтыландырылады.